



ЗЕРДЕЛІ ЗЕРЕНДІ

● 2012 жылдан бастап шығады

● Жұма, 3 сәуір, 2026 жыл №13 (685)

ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыру қорытындысы шығарылды.

Үкімет негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу туралы есеп берді. Сондай-ақ бірқатар салалық мемлекеттік орган жетекшілері басты бағыттар бойынша баяндама жасады. Мемлекет басшысы геосаяси ахуалды ескере отырып, қоғамдық, экономикалық, экологиялық, су және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін пысықтау қажеттігіне назар аударды.

Бұдан бөлек, отырыста Қазақстан Республикасының 2026-2030 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясының жобасы қаралды. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі саналатын бұл Стратегия алдағы бес жылда болуы ықтимал сын-қатерлерге төтеп берудің негізгі тәсілдерін анықтайды.

Жиында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин орта мерзімге арналған басымдықтар, мақсатты индикаторлар мен стратегиялық тәуекелдерді басқару механизмдері жөнінде баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаңа Конституцияны қабылдау арқылы мемлекет дамуындағы жаңа кезеңге қадам басып, Қазақстанның Тәуелсіздігін, егемендігін мен аумақтық тұтастығын сенімді түрде қорғауға мүмкіндік туды. Ал аталған Стратегия конституциялық қағидаттардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етіп, еліміздің тұрақты өрі қарқынды дамуына жағдай жасайды.

Мемлекет басшысы ұлттық мүддені қорғау міндеттерін сапалы орындаудың маңызына баса мән берді. Оның қатарына, атап айтқанда, қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету; азаматтарды, қоршаған ортаны және ақпараттық кеңістікті қорғау деңгейін арттыру; киберқауіпсіздік шараларын күшейту және әлеуметтік-экономикалық саладағы тәуекелдерді азайту мәселелері кіреді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев экономика, білім мен технология салаларында сұранысқа ие білікті шетелдік мамандарды тартуға қолайлы жағдай жасайтын бағдарламаны жеделдетіп әзірлеуді тапсырды.

www.akorda.kz

ҮКІМЕТ

Ғылымға ұзақ мерзімді инвестиция салуды ынталандыру қажет



Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін ұзақ мерзімді инвестиция тарту мәселесін көтерді. Ғылым және жоғары білім министрлігіне ұзақмерзімді инвестиция тартудың жаңа тетіктерін әзірлеу тапсырылды, деп жазады Egemen.kz.

«Инвестиция тартуды ынталандыру керек. Қазіргі уақытта инновацияға қомақты қаржы саламын деп жүрген кәсіпкерлер көп деп айта алмаймыз. Мұндай үрдіс Қазақстанда ғана емес, басқа мемлекеттерде де байқалуда. Сондықтан бизнесті ынталандыру тетіктері болуы керек», деді Олжас Бектенов.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек қолданыстағы тәсілдер, оның ішінде коммерцияландыруға арналған гранттар, Ғылым-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар үшін салықтық преференциялар, эндаумент-қорлар және басқа да тетіктер туралы баяндады.

ПАРЛАМЕНТ

Инклюзияны қолдау – Әділетті Қазақстан құру жолындағы басты қағидаттардың бірі

Астанада Сенат жанындағы Инклюзия жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Онда депутаттар салалық ұйымдардың сарапшыларымен бірлесіп, мүгедектігі бар балалар мен ересектерді оңалту жолында инклюзивті спортты дамытудың маңызын талқылады. Отырысқа қатысушылар аталған бағыттағы өзекті мәселелерге тоқталып, өңірлерде инклюзивті спорт инфрақұрылымының жеткіліксіздігіне, бейімді спорт саласында білікті кадрлардың тапшылығына және қажетті бірыңғай тәсілдер мен жұмыс әдістемелерінің жоқтығына ерекше назар аударды.

Отырыс «Дене шынықтыру мен спорт – әлеуметтік оңалту және инклюзия тетігі» тақырыбына арналды. Іс-шараны ашқан Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев жаңа Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары басымдығы ретінде айқындалғанын атап өтті. Сондай-ақ ол ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев инклюзивті қоғам қалыптастыруға және әрбір азаматқа өз әлеуетін толық іске асыруына қажетті жағдай жасауға ерекше мән беріп отырғанын тілге тиек етті.

Отырыс барысында елімізде инклюзивті спортты дамыту бағытында оң динамика қалыптасқаны да назардан тыс қалған жоқ. Сарапшылар келтірген деректерге сәйкес, бүгінде Қазақстанда осы салаға бейімделген 16 клуб пен 2 мамандандырылған спорт мектебі жұмыс істейді. Онда қазір 8 мыңға жуық ерекше қажеттілігі бар спортшы тұрақты түрде жаттығады. Сонымен бірге Сенат Төрағасы күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау кезінде саладағы бірқатар жүйелі проблемаларға да назар аударды.

Кездесуге қатысушылар қордаланған мәселелерді шешу медицина, білім беру және әлеуметтік қорғау салалары өкілдерімен бірге барлық мүдделі тараптың бірлескен әрі үйлесімді жұмысын талап ететінін айтты. Осы ретте Палата Спикері қазіргі таңда депутаттар мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдауды арттыруға арналған бірқатар заңнамалық түзету әзірлеп жатқанын атап өтті.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев инклюзия тек заңнамалық тетіктер арқылы ғана емес, сонымен бірге мәдениет және отбасы мен мектептегі дәріптеу жұмыстары арқылы да қалыптасатынына тоқталды.

senate.parlam.kz



Аудандық мәслихаттың сессиясы

Барлық күш-жігер ауданның дамуы мен өркендеуіне бағытталған

Өткен аптада Зеренді аудандық мәслихатының 44-ші сессиясы өтті. Сессияны аудандық мәслихаттың депутаты және төрайымы Райхан Ғабдуллина ашып, жүргізді. Сессияға аудан әкімі Әсет Құрманғожин, аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері және дербес бөлімдердің басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі негізгі мәселе аудан әкімі Әсет Құрманғожиннің өз міндеттерін орындауы және 2025 жылғы аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларының нәтижелері туралы есебі болды.

Әсет Асылбекұлы өз сөзінде ауданды басқарғаннан бері қол жеткізілген нақты жетістіктерді егжей-тегжейлі баяндады.

Елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламасы аясында ауданда 12 құрылыс жобасы және бір сумен жабдықтау жүйелерін қайта құру жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде, орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізетін ауыл тұрғындарының пайызы 53-тен 72 пайызға дейін өсті. Жол инфрақұрылымын дамытуда шамамен 3 миллиард теңгеге бағаланған жеті жол жұмыстары жобалары жүзеге асырылған. Шағалалы, Приречный, Игілік және Жамантұз ауылдарында су өткізгіш құбырлар мен төрт көпірді орнату және жөндеу жұмыстары аяқталған.

Ә. Құрманғожиннің мәлімдеуінше, абаттандыру жұмыстары жоспарға сәйкес жүзеге асырылуда. Кешенді даму бағдарламасы аясында ауылдарда 14 ойын алаңы мен спорт алаңы орнатылды. 95 миллион теңге бөлінген Ұлы Отан соғысы саябағын ағымдағы жөндеу жобасы аяқталуға жақын.

Әлеуметтік санаттағы осал топтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Зеренді ауылындағы 75 пәтерлі тұрғын үй 2025 жылы пайдалануға берілді. Бүгінгі күнге дейін 44 пәтердің кілттері кезекте тұрғандарға тапсырылды. Қалған пәтерлерді «Отбасы» банкі арқылы ресімдеу жалғасуда. Шағалалы ауылында әлеуметтік жағынан осал топтардың сатып алуларына жоспарланған 10 екі пәтерлі үйдің құрылысы жүруде.

Аудан әкімі ауыл шаруашылығы саласының жағдайына және фермерлердің қол жеткізген нәтижелеріне – жоғары өнімділікке, техниканы жаңғыртуға және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге мемлекеттік қол-



даудың артуына назар аударды.

«Жаңа агроөнеркәсіптік жобалар жүзеге асырылды. Олардың ең ірісі Еленовка ауылында, мұнда «Agro Milk Project» ЖШС 400 бас ірі қара малға арналған сүт фермасының құрылысы аяқталды. Жерді ұтымды басқару маңызды бағыт болып қала береді. Өткен жылы пайдаланылмаған 2000 гектардан астам ауыл шаруашылығы жерлері қалпына келтірілді. Биылғы жылы бұл жоспар 1600 гектарды құрайды, оның 1000 гектары бүгінгі күнге дейін орындалды. Қалпына келтіру жұмыстарына қарамастан, шамамен 53 000 гектар жайылым жер жетіспейді», - деді Әсет Асылбекұлы. «Инвестиция тартуға да айтарлықтай көңіл бөлінуде. Алексеевка кен орнынан алынған каолинді пайдаланатын тау-кен өндіру және өңдеу зауытын салу жұмыстары жалғасуда». Қорғасынды шикізатты өңдеуге маманданған «Open Minerals Group Processing, LLC» компаниясы Күсеп ауылдық округінде табысты жұмыс істеуде. Индустриялық бастамалармен қатар энергетика саласындағы инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Симферополь ауылдық округінде әрқайсысының қуаты 100 мегаватт болатын екі жел электр станциясын салу жобасы басталды. Бұл аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік бермекші.

Сонымен қатар Әсет Құрманғожин Қарағай станциясындағы индустриалды аймақтың бас жоспары бекітілгенін атап өтті. Аталған аумақта қуаттылығы тәулігіне 500 тонналық жем зауытын салу жобасы экспортқа бағытталған өнімдерді шығаруды бастады. Зеренді ауылындағы ірі жоба -

«Altyntau Kokshetau» компаниясы әлеуметтік жауапкершілік бағдарламасы аясында жүзеге асыратын Зеренді көлінің жағалауын жайғастыру.

Сөзінің жалғасында аудан әкімі жақын болашаққа арналған жоспарлармен бөлісті. Сумен жабдықтау желілерін жөндеу және күтіп ұстау жұмыстары жалғасады. Жол инфрақұрылымына келетін болсақ, аудан деңгейіндегі 16 жол жөнделеді. Мал шаруашылығы кластерін дамытуға бағытталған агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық жобалар жүзеге асырылады. Бұл ауданның ауыл шаруашылығы секторының өндірістік әлеуетін, соның ішінде мал санын көбейтуді айтарлықтай арттырады. Сонымен қатар, биыл «Eco-Dump» ЖШС қатты қалдықтарды сұрыптау және өңдеу зауытын салу инвестициялық жобасын жүзеге асыру жоспарлануда.

Негізгі мәселе бойынша аудандық мәслихаттың депутаты Батырбек Баяділов баяндама жасады.

Ол аудан әкімінің тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған күш-жігерін, туындаған жағдайға жедел назар аударып, аудан тұрғындарының өзекті мәселелерін шешуге күш салуын жоғары бағалады.

«Жолдарды, жылу және сумен жабдықтау жүйелерін, мәдениет, денсаулық сақтау және білім беру нысандарын жөндеу, тұрғын үйлер мен спорт нысандарын салу жұмыстары жүргізілуде», - деп атап өтті ол. «Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салалары табысты дамып келеді. Кәсіпкерлік үшін қолайлы жағдайлар жасаудың арқасында ауданда шағын және орта құрылымдар саны артуда, бұл өз кезегінде жұмыссыздықты азайтуға және жаңа жұмыс орындарын құруға жағдай жасауда. Зеренді ауданының экономикалық әлеуетін ескере отырып, біз аудан әкімінің аймағымыздың серпінді дамуы мен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша қойған барлық мақсаттарына қол жеткізілетініне сенімдіміз, аудан әкімінің есебін қабылдап, бекітуді ұсынамын».

Сессия соңында аудан басшысы Әсет Құрманғожин сайланған халық қалаулыларына ортақ істерге өзара түсіністіктегі және ауданның алдағы кезеңде дамуы мен өркендеуіне бағытталған бірлесіп атқарылған нәтижелі жұмыстары үшін алғысын білдірді.

Өз тілшімізден.